

А. Ермекбаев<sup>1\*</sup>, А. Райымбекова<sup>2</sup>, Н. Илияс<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup>Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан

\*e-mail: adilbekea@gmail.com

## ТМҰ: ДЕКЛАРАТИВТІ ИНТЕГРАЦИЯДАН ЭКОНОМИКАЛЫҚ БЕЛДЕУГЕ

Бұл мақала Түркі мемлекеттері ұйымының (ТМҰ) символдық-идеялық үйлестіруден тұрақты экономикалық ықпалдастыққа қандай жағдайларда өте алатынын талдайды. Зерттеудің өзегінде саяси топтасу институционалдық орындалу деңгейі мен нақты материалдық нәтижелерден озып кеткенде туындайтын «риторика-нәтиже» алшақтығы түр. Теориялық негіз ретінде өңірлік интеграция теориялары, неофункционализм, үкіметаралық тәсіл және геоэкономикалық талдау ұштастырылды. Эмпирикалық бөлім түсіндірмелі mixed-methods үлгісіне сүйеніп, салыстырмалы институционалдық талдауды, process tracing әдісін және сауда, транзит, инвестиция мен реттеуші үйлесімділік динамикасын сипаттамалық бағалауды біріктіреді. Нәтижелер панидеялық ынтымақтастықтың саяси заңдылық пен жұмылдыру тұрғысынан маңызды ресурс екенін, алайда ол міндетті орындалатын институттарға айналмайынша ұзақ мерзімді тұрақтылықты қамтамасыз ете алмайтынын көрсетеді. ТМҰ-ның орнықтылығы шешімдерді іске асыру тетіктерінің сапасына, экономикалық саясатты үйлестірудің тығыздығына және қатысушылар арасындағы пайданың теңгерімді бөлінуіне тәуелді. Орта дәліз мысалы қазіргі үрдістің екіжақтылығын айқындайды: геоэкономикалық маңызы артқанына қарамастан, инфрақұрылымдық, нормативтік және басқарушылық шектеулер ықпалдастықтың тұрақты, қайталанатын тиімділігін тежеп отыр. Сценарийлік талдау ТМҰ дамуының үш бағытын – инерциялық, шектеулі-прагматикалық және трансформациялық – айқындап, ұзақ мерзімді өміршеңдікке жеткізетін алғышарттар тек «экономикалық белдеу» үлгісіне өткенде ғана қалыптасатынын дәлелдейді. Негізгі қолданбалы қорытынды: декларативті ықпалдастықтан басқарылатын экономикалық ынтымақтастыққа көшу қажет; ол үшін орындалуы міндетті міндеттемелер, жобалық қаржыландыру, өлшенетін KPI және нәтижені тұрақты институционалдық мониторингтеу жүйесі қажет.

**Түйін сөздер:** Түркі Мемлекеттері Ұйымы (ТМҰ), өңірлік ықпалдастық, панидеялық ынтымақтастық, экономикалық орындалым, «риторика-нәтиже» алшақтығы, институционалдық үйлестіру, Орта дәліз, геоэкономика, реттеуші үндестіру, транзиттік байланыстылық, инвестициялық ынтымақтастық, сценарийлік талдау.

A. Yermekbayev<sup>1\*</sup>, A. Rayimbekova<sup>2</sup>, N. Iliyas<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan

e-mail: adilbekea@gmail.com

### OTS: From Declarative Integration to an Economic Belt

This article examines the conditions under which the Organization of Turkic States (OTS) can transition from symbolic-ideological coordination to sustainable economic integration. Its central focus is the structural «rhetoric–outcome» gap that emerges when political consolidation outpaces institutional implementability and material effects. The theoretical framework integrates regionalism, neofunctionalism, intergovernmental analysis, and geoeconomics. Empirically, the study follows an explanatory mixed-methods design combining comparative institutional analysis, process tracing, and a descriptive assessment of dynamics in trade, transit, investment, and regulatory compatibility. The findings show that pan-ideational solidarity is an important source of legitimacy and mobilization, but cannot ensure long-term sustainability unless converted into enforceable institutions. The resilience of the OTS depends on the quality of implementation mechanisms, the density of economic-policy coordination, and a balanced distribution of gains among participants. The Middle Corridor case highlights the dual nature of current trends: despite growing geoeconomic relevance, persistent infrastructural, regulatory, and governance constraints continue to limit reproducible integration effects. Scenario analysis identifies three trajectories of OTS evolution-inertial, limited-pragmatic, and transformational and demonstrates that only the transition to an «economic belt» model creates the preconditions for long-term organizational viability. The key policy implication is the need to move from declarative integration to managed

economic cooperation based on enforceable commitments, project financing, measurable KPIs, and institutionalized performance monitoring.

**Keywords:** Organization of Turkic States (OTS), regional integration, pan-ideational solidarity, economic implementability, rhetoric-outcome gap, institutional coordination, Middle Corridor, geoeconomics, regulatory harmonization, transit connectivity, investment cooperation, scenario analysis.

А. Ермекбаев<sup>1\*</sup>, А. Райымбекова<sup>2</sup>, Н. Ильяс<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Казахский университет международных отношений и мировых языков

имени Абылай хана, Алматы, Казахстан

\*e-mail: adilbekea@gmail.com

### ОТГ: от декларативной интеграции к экономическому поясу

В статье рассматриваются условия, при которых Организация тюркских государств (ОТГ) может перейти от символическо-идеологической координации к устойчивой экономической интеграции. В центре внимания структурный разрыв «риторика–результат», возникающий тогда, когда политическая консолидация опережает институциональную исполнимость и материальные эффекты. Теоретическая рамка объединяет подходы регионализма, неофункционализма, межправительственного анализа и геоэкономики. Эмпирически исследование выполнено в объяснительной логике mixed-methods и сочетает сравнительный институциональный анализ, process tracing и дескриптивную оценку динамики торговли, транзита, инвестиций и регуляторной совместимости. Результаты показывают, что панидеациональная солидарность является важным источником легитимности и мобилизации, но не обеспечивает долгосрочную устойчивость без преобразования в исполнимые институты. Устойчивость ОТГ зависит от качества механизмов реализации, плотности координации экономической политики и сбалансированного распределения выгод между участниками. Кейс Среднего коридора демонстрирует двойственную природу текущих тенденций: несмотря на рост геоэкономической значимости, сохраняющиеся инфраструктурные, регуляторные и управленческие ограничения по-прежнему сдерживают воспроизводимые интеграционные эффекты. Сценарный анализ выделяет три траектории эволюции ОТГ – инерционную, ограниченно-прагматическую и трансформационную и показывает, что только переход к модели «экономического пояса» создает предпосылки долгосрочной жизнеспособности организации. Ключевой практический вывод состоит в необходимости перехода от декларативной интеграции к управляемой экономической кооперации, основанной на исполнимых обязательствах, проектном финансировании, измеримых KPI и институционализированном мониторинге результативности.

**Ключевые слова:** Организация тюркских государств (ОТГ), региональная интеграция, панидеациональная солидарность, экономическая исполнимость, разрыв «риторика–результат», институциональная координация, Средний коридор, геоэкономика, регуляторная гармонизация, транзитная связанность, инвестиционная кооперация, сценарный анализ.

### Кіріспе

Жаһандық жеткізу тізбектерінің бытыраңқылығы мен геоэкономикалық бәсекенің ушығуы жағдайында аймақтық ұйымдар барған сайын символдық капиталымен емес, мүше мемлекеттерге орнықты материалдық пайда әкелу қабілетімен бағалануда. Осы тұрғыда Түркі мемлекеттері ұйымы (ТМУ) айқын мысал болады: ұйым берік тарихи-мәдени және тілдік ортақтыққа сүйенгенімен, экономикалық ынтымақтастықты институттандыру қажеттілігімен бетпе-бет келеді (Қозақ, 2023). Бұл ахуал өзекті зерттеу сұрағын алға тартады: пан-идеялық ынтымақтасуға басым түрде негізделген жоба символдық ресурстарды нақты экономикалық нәтижелерге айналдырмайынша, ұзақ мерзімде тұрақты бола ала ма?

Теориялық тұрғыдан бұл мәселе аймақтау, неофункционализм, интерүкіметаралық тәсіл және геоэкономика бойынша зерттеулер тоғысында қарастырылады. Идентификациялық жақындық саяси трансакциялық шығындарды төмендетіп, бастапқы үйлестіруді жеңілдеткенімен, ол өздігінен өзара сауданың өсуін, инвестициялық байланыстардың терендеуін немесе реттеушілік үйлесімділіктің қалыптасуын қамтамасыз етпейді (Demir, 2022). Аймақтық құрылымдар тәжірибесі интеграцияның ұзақ өміршеңдігі оның функционалды орындалымдылығына тәуелді екенін көрсетеді: бірлескен инфрақұрылым мен өндірістік тізбектердің болуы, болжамды ережелер, инвестициялық тетіктер және пайданың салыстырмалы түрде теңгерімді бөлінуі қажет (Aydin & Liu, 2024). Бұл шарттар орындалма-

ған жағдайда интеграция көбіне декларативті деңгейде қалып қояды.

Осы аналитикалық шеңберде ТМҰ ерекше маңызды, өйткені оның институционалдық эволюциясы екі параллель үрдіспен қатар жүрді: символдық-идентификациялық күн тәртібінің кеңеюі және транзит, логистика, энергетика, өнеркәсіптік кооперация мен цифрлық байланыстылық салаларында прагматикалық ынтымақтастыққа сұраныстың артуы. Сондықтан «идеологиялық платформа» күйінен «экономикалық белдеу» моделіне өту түбегейлі мәнге ие. Бұл мақалада «экономикалық белдеу» ұғымы институционалдық тұрғыдан орныққан жүйе ретінде анықталады және ол: (1) үйлестірілген көлік-логистикалық және өндірістік тізбектерді; (2) сауда, кеден және техникалық режимдердің сәйкестенуін; (3) инвестиция тарту мен бөлудің тетіктерін; (4) ұжымдық шешімдердің орындалуын мониторингтеу және бағалау құралдарын қамтиды.

Зерттеудің өзектілігі үш фактормен айқындалады. Біріншіден, дәліздер арасындағы бәсеке және сыртқы бастамалардың күшеюі топ ішіндегі институционалдық үйлеспешіліктің құнын арттырады. Екіншіден, мүше мемлекеттердің ұлттық мүдделері экономикалық тұрғыдан барған сайын прагматикаланып, ынтымақтастықтың өлшенетін нәтижелеріне сұранысты күшейтуде. Үшіншіден, ТМҰ туралы әдебиетте айқын теңсіздік бар: идеологиялық және өркениеттік негіздер экономикалық орындалым тетіктеріне және оларды институционалдық тұрғыдан бекіту шарттарына қарағанда әлдеқайда жиі зерттеледі.

Бұл мақаланың мақсаты – ТМҰ-ның басым түрде идеологиялық платформа сипатынан экономикалық тұрғыдан өміршең интеграциялық форматқа қандай шарттарда трансформациялана алатынын және экономикалық тартымдылық тапшылығының неге стратегиялық тоқырау қаупін арттыратынын анықтау. Негізгі зерттеу сұрағы мынадай: ТМҰ-ның ұзақ мерзімді тұрақтылығына қандай институционалдық және экономикалық параметрлер қажет және олардың жоқтығын идеологиялық топтасу қаншалықты өтей алады? Негізгі гипотезаға сәйкес, өлшенетін экономикалық өзек қалыптаспайынша, яғни өзара сауданың өсуі, инвестициялық байланыстылықтың күшеюі, транзит тиімділігінің артуы және реттеушілік үйлесімділіктің тереңдеуі қамтамасыз етілмейінше – ТМҰ шектеулі тиімділік моделін қайта өндіреді әрі бытыраңқылық тәуекелі жоғары күйде қалады. Осылайша, идеология маңызды мобилизациялық ресурс ретінде

қарастырылады, бірақ орнықты интеграцияның дербес тетігі ретінде емес.

Бұл гипотезаны эмпирикалық тұрғыдан сынау үшін ТМҰ-ның екі аналитикалық күйі ажыратылады: «идеологиялық платформа» және «экономикалық белдеу». Біріншісі символдық риторика, декларативті құжаттар және саяси-идентификациялық нарративтер басым болып, ал шешімдердің орындалуы шектеулі қалатын форматты білдіреді. Екіншісі – сауда, транзит, инвестиция және өнеркәсіптік кооперация салаларында орнықты материалдық әсер беретін мемлекетаралық үйлестірудің институционалдық тұрғыдан бекіген жүйесі.

Тәуелді негізгі айнымалы – ТМҰ интеграциялық жобасының тұрақтылығы; ол ұйымның саяси циклдерге, жекелендірілген дипломатияға және қысқа мерзімді конъюнктуралық ауытқуларға қарамастан ынтымақтастықты сақтай алу қабілеті ретінде түсіндіріледі. Операционалдық деңгейде бұл келісілген шешімдердің жүйелі орындалуынан, бірлескен жобалардың сабақтастығынан және өзара іс-қимылдың институционалдық болжамдылығынан көрініс табады. Негізгі түсіндірмелік айнымалы – ТМҰ-ның экономикалық тартымдылығы; ол төрт өлшемнен тұрады: сауда-инвестициялық, транзит-логистикалық, институционалдық-реттеушілік және үлестіру (дистрибутивтік). Бірінші өлшем өзара сауда мен инвестиция динамикасын және қосылған күн тізбектері шеңберіндегі кооперацияны қамтиды; екіншісі маршруттар бойынша транзит уақыты, рәсімдердің сәйкестенуі және жүк ағындарының тұрақтылығы арқылы практикалық байланыстылықты сипаттайды; үшіншісі орындалуы міндетті тетіктердің болуына қатысты (ортақ ережелер, техникалық үйлестіру, мониторинг және есептілік); ал төртіншісі пайданың бөліну теңгерімін бағалайды, өйткені асимметрияның жоғары деңгейі саяси тосқауыл мен бытыраңқылықтың факторы ретінде әрекет етеді.

## Әдіснама

Әдіснамалық тұрғыдан зерттеу түсіндірмелі аралас-әдістер (*explanatory mixed-methods*) шеңберінде құрылады және салыстырмалы институционалдық талдауға, процесс-трейсингке (*process tracing*), сондай-ақ негізгі экономикалық көрсеткіштердің динамикасын сипаттамалы бағалауға сүйенеді. Гипотезаны тексеру мына себептік тізбек арқылы ұйымдастырылады: «идеялық топтасу → институционалдық үйлес-

тіру → өзара іс-қимыл кедергілерінің азаюы → экономикалық әсерлер → интеграцияның тұрақтылығы». Аналитикалық назар іске асыру кезеңіне шоғырландырылады, өйткені дәл осы кезең саяси келісімдердің байқалатын экономикалық өзгерістерге айналу-айналмауын айқындайды. Егер ТМҰ-ның даму динамикасында символдық шешімдер басым болып, сонымен қатар экономикалық және институционалдық көрсеткіштер әлсіз күйде қалса, бұл идеологиялық форматтың құрылымдық шектеулерін растайды; ал өлшемдердің көпшілігі бойынша тұрақты ілгерілеу байқалса, «экономикалық белдеу» моделіне өтудің белгілері бар деген қорытынды жасауға болады.

Талдаудың уақыттық ауқымы ТМҰ-ның институционалдық эволюция кезеңдеріне сай құрылымдалады: символдық топтасудың бастапқы кезеңі, функционалдық күн тәртібінің кеңею кезеңі және экономикалық орындалымдылық сыналатын қазіргі кезең. Аналитикалық айқындық үшін үш деңгейлі «риторика → институттар → нәтижелер» сызбасы қолданылады: бірінші деңгейде идеялық дискурстың қарқындылығы мен мазмұны талданады; екінші деңгейде шешімдердің формалдану дәрежесі және іске асыру құралдарының (implementation instruments) бар-жоғы бағаланады; үшінші деңгейде сауда, транзит және инвестициялық байланыстылық динамикасы қарастырылады. Осы үш деңгейдің барлығында орнықты оң үрдістің қатар байқалуы институционалдық кемелденудің көрсеткіші ретінде түсіндіріледі; ал риторикалық-институционалдық параметрлер мен нақты экономикалық әсерлер арасындағы алшақтық декларативті интеграцияның дәлелі ретінде қарастырылады.

Растауға бейімділікті (confirmation bias) азайту мақсатында баламалы түсіндірмелер енгізіледі: сыртқы геоэкономикалық соққылар, ұлттық нарықтардың сыйымдылығына байланысты құрылымдық шектеулер, реттеушілік әркелкілік және сыртқы экономикалық стратегиялардың көпвекторлы сипаты. Осы факторларды бақылағаннан кейін де іске асыру институттарының сапасы мен экономикалық ынтымақтастық тереңдігі арасындағы байланыс орнықты сақталса, гипотеза расталды деп есептеледі. Зерттеудің шектеулері ретінде елдераралық статистиканың толық салыстырмалылығының болмауы, саяси-экономикалық үдерістердегі эндогенділік ықтималдығы және бейресми үйлестіру тетіктерінің шектеулі бақылануы атап көрсетіледі; бұл тәуекелдер дереккөздерді іріктеудің ашық қағидалары арқылы, факт пен интерпретацияны

қатаң ажырату арқылы және тұжырымдарды әртүрлі дереккөздер бойынша өзара тексеру (cross-source validation) арқылы төмендетіледі.

Осылайша ұсынылған ұғымдық-әдіснамалық негіз мақаланың орталық тезисін эмпирикалық тұрғыдан сынауға мүмкіндік береді: ТМҰ-ның өміршендігі пан-идеялық ынтымақтасудың өзімен емес, сол ынтымақтасуды институционалдық тұрғыдан бекітілген әрі экономикалық түрде қайта өндірілетін кооперацияға айналдыру қабілетімен айқындалады.

### ***Риторика мен нәтижелер түйіні: ТМҰ-дағы символдық интеграция мен экономикалық орындалым арасындағы алшақтықтың эмпирикалық талдауы***

ТМҰ-ның эмпирикалық даму траекториясы көптеген аймақтық бірлестіктерге тән парадоксты көрсетеді: саяси-символдық дискурстың күшеюі экономикалық интеграцияның соған сай тереңдеуімен әрдайым қабаттаса бермейді. «Ортақ түркі кеңістігі» туралы риториканың кеңеюі өздігінен орнықты экономикалық белдеуді қалыптастырмайды. Аналитикалық айқындық үшін бұл алшақтықты өзара байланысты үш жазықтықта қарастырған дұрыс: декларативті, институционалдық және материалдық-экономикалық.

Декларативті деңгейде ТМҰ жоғары дәрежедегі топтасуды көрсетеді. Ұйымның дискурсы ортақ тарихи жадқа, өркениеттік жақындыққа және мәдени-тілдік бірлікке сүйеніп құралады; бұл көпжақты өзара іс-қимылдың символдық легитимділігін күшейтіп, интеграциялық ілгерілеуге деген күтілімді ұдайы қолдап отырады. Дегенмен дәл осы жерде «символдық инфляция» тәуекелі туындайды: идеологиялық риторика неғұрлым қоюланған сайын, қоғам мен саяси элиталар тарапынан өлшенетін нәтижеге сұраныс соғұрлым артады. Егер мұндай нәтижелер көрінбесе, риторикалық капитал біртіндеп мобилизациялық ресурс мәртебесінен күмән мен скепсис көзіне айнала бастайды.

Институционалдық деңгейде көрініс аралас сипатқа ие. Бір жағынан, тақырыптық күн тәртібі кеңейіп, үйлестірудің ұйымдық архитектурасы қалыптасу үстінде, көлік, сауда, энергетика және логистика салаларында саясаттық мақсаттар айқындалуда. Екінші жағынан, институционалдану тереңдігі жиі шектеулі күйде қалады: шешімдердің едәуір бөлігі рамкалық сипаттан аса алмайды, міндетті орындалымды қамтамасыз ететін тетіктер біркелкі дамымаған, ал ұлттық реттеуші режимдер «егемен бақылау-

дың басымдығы» логикасымен жұмыс істеуді жалғастырады. Нәтижесінде «жартылай институционалдық» модель қалыптасады: саяси міндеттемелер жарияланады, алайда іске асыру мен мониторинг құралдары жеткілікті деңгейде тығыз әрі жүйелі болмай қалады.

Материалдық-экономикалық деңгейде алшақтық ең айқын көрінеді. «Экономикалық белдеу» форматына өту сауда және кеден рәсімдерін синхрондауды, транзит бағыттарының болжамдылығын, инвестициялық басымдықтарды үйлестіруді және пайданы бөлудің салыстырмалы теңгерімін талап етеді. Іс жүзінде осы элементтердің әрқайсысы шектеулерге тап болады: реттеушілік әркелкілік трансакциялық шығындарды өсіреді; инфрақұрылымдағы тар орындар мен басқару режимдерінің айырмашылықтары дәліздердің жылдамдығы мен сенімділігін төмендетеді; инвестициялық шешімдер жиі көпжақты емес, екіжақты қисынмен қабылданады; ал экономикалық әлеуеттегі асимметрия жылдам ұлттық қайтарымы бар жобаларға таңдаулы қатысуды ынталандырады.

Дәл осы тұста «идеологиялық платформа» мен «экономикалық белдеу» арасындағы мазмұндық шекара айқындалады. Біріншісі жоғары саяси-символдық деңгейдің экономикалық практикадағы фрагментациямен қатар өмір сүруіне мүмкіндік береді. Ал екіншісі жүйеленген «күнделікті» үйлестіруге мүмкін емес: үйлесімді рәсімдер, біріздендірілген стандарттар, тұрақты қаржылық тетіктер және орындалмау үшін жауапкершілік тетіктері қажет. Мұндай рәсімдерді жүйелеу іске аспайынша, интеграция құрылымдық сипатқа емес, оқиғалық сипатқа (саммиттерге және саяси «мүмкіндік терезелеріне» тәуелді) ие болып қала береді.

Алшақтықтың қосымша қайнары – сыртқы және ішкі геоэкономикалық векторлар арасындағы бәсеке. ТМҰ мемлекеттері бір мезетте бірнеше көлік-сауда және саяси-экономикалық контурларға кіріктірілген. Тәуекелді әртараптандыру тұрғысынан бұл стратегия ұтымды, алайда топшілік экономикалық күн тәртібін қатаң басымдыққа шығарудың ықтималдығын төмендетеді. Соның салдарынан ТМҰ маңызды дипломатиялық платформа ролін сақтағанымен, экономикалық тұрғыдан міндеттеуші шешімдер қабылдайтын орталық түйінге айналмауы мүмкін.

Эмпирикалық тұрғыдан бұл риторикадан нәтижеге өтудің сызықтық емес екенін білдіреді: кейбір секторларда ілгерілеу байқалады (саяси үйлестіру, логистикадағы жекелеген жобалар),

ал басқаларында инерция басым (ережелерді үйлестіру, институционалдық орындатым, пайданың бөліну теңгерімі). Салалық теңсіздік интеграцияның толық сәтсіздігін білдірмейді, бірақ ұзаққа созылса, ол құрылымдық бытыраңқылықтың тетігіне айналады. Осыдан аралық қорытынды шығады: қазіргі ТМҰ моделі символдық-саяси топтасуды қамтамасыз етуде әлеуеті жоғары, алайда орнықты экономикалық белдеуге өту үш тапшылықты еңсеруге тәуелді – орындалымдылық, үйлестіру тығыздығы және үлестіру теңгерімі.

ТМҰ-ның кең ауқымды институционалдық траекториясы мәдени-тілдік үйлестіруден біртіндеп күрделірек күн тәртібіне (экономика, көлік, кедендік өзара іс-қимыл және логистика мәселелерін қамтитын бағытқа) ығысуын көрсетеді (Shafiyev, 2023). Тарихи тұрғыдан ұйым 1992 жылдан бергі түркітілдес мемлекеттер саммиттері форматынан бастау алып, 2009 жылғы Нахчыван келісімі арқылы құқықтық тұрғыдан рәсімделді, ал 2021 жылы Түркі мемлекеттері ұйымы (ТМҰ) ретінде ұйымдық қайта айқындалудан өтті (Togaman, 2024). Күн тәртібінің «экономикалануы» Орта дәлізге (Middle Corridor) басымдық беруден, Зангезур бағытын талқылаудан, кеден рәсімдерін жеңілдету мәселелерінен және инвестициялық құралдарды ілгерілетуден айқын көріне бастады (Mustofaev, 2022). Дегенмен стратегиялық құжаттар мен саяси мәлімдемелердің болуы өздігінен институционалдық және экономикалық әсерлердің соған тең деңгейде қалыптасуына кепіл болмайды.

Геоэкономикалық тұрғыдан Орта дәліз түркі ынтымақтастығының практикалық өміршеңдігін сынайтын негізгі «стресс-тест» ретінде көрінеді. Дүниежүзілік банк бағалауларына сәйкес, 2030 жылға қарай мақсатты инвестициялар жүзеге асқан жағдайда бұл бағыт Қытай мен Еуропаның батыс шекарасы арасындағы жеткізу уақытын шамамен екі есе қысқартып, жүк көлемін 11 млн тоннаға дейін арттыра алады (Gafarlı, 2024). Алайда мұндай параметрлерге жету үшін теміржол және автожол инфрақұрылымын жаңғыртуға, жылжымалы құрамды ұлғайтуға және порт қуаттарын кеңейтуге шамамен 18,5 млрд еуро көлемінде инвестиция қажет (Aslanlı, 2024). Қазіргі кезеңде дәліз әлеуеті толық іске асқан жоқ: Қытай–Еуропа тасымал ағындарындағы үлесі әлі де Солтүстік дәліздің тарихи деңгейлерінен едәуір төмен (Kamaci, 2025).

2022 жылдан кейін солтүстік бағыт бойынша тасымалдың әлсіреуі аясында бағыттарды әртараптандыру және бір транзиттік контурға тәуел-

ділікті азайту логикасында Орта дәліздің маңызы айқын түрде артты (Biró & Vasa, 2024). Қуаттық шектеулер сақталғанымен, ол бірқатар учаскелерде, соның ішінде Қытай–Түркия бағыты бойынша жеткізу уақытын қысқарту әлеуеті арқылы маңызды логистикалық артықшылық көрсете алады (Middle Trade and Transport Corridor, 2023). Бұл Түркияның тораптық хаб ретіндегі рөлін күшейтеді, бірақ инфрақұрылымдық олқылықтарға, тасымал құнының жоғарылығына және мемлекетаралық үйлестіру тапшылығына байланысты жүйелік кедергілерді толық жоймайды (Unlocking Transport Connectivity in the Caucasus and Central Asia, 2024).

Осылайша Орта дәліз кейсінен шығатын негізгі түйін мақаладағы жалпы гипотезамен үйлеседі: геосаяси сұраныс пен саяси қолдаудың болуы институционалдық тұрғыдан орнықты тиімділікпен тең емес. «Стратегиялық уәде» күйінен «тұрақты экономикалық нәтиже» деңгейіне өту үшін «қатқыл» және «жұмсақ» инфрақұрылымды қатар жаңғырту қажет: бір жағынан – тасымал қуаттарын арттыру және интермодальдық интеграцияны күшейту; екінші жағынан – рәсімдерді цифрландыру, реттеушілік үйлесімділік, адами капитал құзыреттері және логистикалық саясатты үйлестіру (OECD, 2023).

Ең салмақты құрылымдық шектеулер қатарына мыналар жатады: (1) реттеушілік ортаның фрагментациясы және кедендік ынтымақтастықтың жеткіліксіздігі; (2) интермодальдық интеграциядағы тапшылық және порттар жұмысының біркелкі болмауы; (3) теміржол инфрақұрылымындағы техникалық әркілділік, соның салдарынан қосымша қайта тиеу және рельс табанын ауыстыру операцияларының қажеттілігі; (4) халықаралық логистика және жеткізу тізбектерін басқару салаларындағы кадр тапшылығы; (5) ұзаққа созылатын операциялық іркілістерді туындатуы мүмкін экологиялық және климаттық тәуекелдер (Gafarlı, 2024). Осындай жағдайларда Орта дәлізді дамыту үдерісін сызықтық инфрақұрылымдық жоба ретінде емес, көпдеңгейлі институционалдық міндет ретінде түсіндірген дұрысырақ. Мұнда өзара байланысқан үш басымдық шешуші мәнге ие: реттеушілік жақындасу (рәсімдерді біріздендіру және цифрлық кеден шешімдері), операциялық сенімділік (транзит уақытының құбылмалылығын төмендету және тораптық қуаттарды жаңғырту), және ұзақ мерзімді орнықтылық (жасыл логистика қағидаттарын енгізу және экологиялық тәуекелдерге бейімделу). Жиынтық түрде бұл мақала-

ның өзекті тезисін қуаттайды: ТМҮ идеологиялық ынтымақтасудан «экономикалық белдеу» форматына тек орындалуы міндетті институттар, реттеушілік ортаның синхрондалуы және логистикалық көрсеткіштердің болжамдылығы арқылы ғана өте алады.

### ***ТМҮ дамуының сценарийлері: декларативті үйлестіруден «экономикалық белдеуге» дейін***

Анықталған «риторика–нәтиже» алшақтығын ескере отырып, ТМҮ-ның болашақ траекториясы үш базалық сценарий бойынша өрбуі ықтимал: инерциялық, шектеулі-прагматикалық және трансформациялық («экономикалық белдеу» сценарийі). Сценарийлік тәсіл ұйым эволюциясының ықтимал бағыттарын жүйелеумен қатар, символдық интеграцияны институционалдық тұрғыдан орнықты экономикалық жүйеге айналдыруға мүмкіндік беретін шекті шарттарды айқындауға көмектеседі.

#### *Инерциялық сценарий: құрылымдық тереңдеусіз символдық интеграция*

Инерциялық сценарий қазіргі үлгінің сақталуын білдіреді: саяси-идеологиялық топтасу экономикалық орындалымнан жылдамырақ жүреді. Бұл режимде ТМҮ дипломатиялық платформа ретінде өзектілігін жоғалтпайды, ортақтық дискурсын ұдайы қайта өндіреді және саммиттік белсенділіктің жоғары қарқынын ұстап тұрады; алайда сауда–кеден, инвестиция және реттеушілік салалардағы практикалық үйлестіру фрагментті түрде ғана дамиды.

Осы сценарийдің негізгі белгілері: ұжымдық шешімдердің көбіне рамкалық сипатта қалуы, орындатымның (enforceability) шектеулілігі, көпжақты тетіктерге қарағанда екіжақты мәмілелердің басымдығы, стандарттарды үйлестірудің әлсіздігі және ұлттық реттеуші режимдердің арасындағы тұрақты айырмашылықтар. Мұндай жағдайда экономикалық әсерлер оқшау сипатта қалып, ұйым ауқымында масштабталатын нәтижелерге айналмайды. Инерциялық траекторияның басты саяси тәуекелі – интеграциялық риторикаға сенімнің біртіндеп әлсіреуі: амбиция мен практикалық нәтиже арасындағы сәйкессіздік неғұрлым ұзақ сақталса, «символизмнен қажу» ықтималдығы соғұрлым жоғарылайды.

#### *Шектеулі-прагматикалық сценарий: таңдаулы функционалдану*

Екінші сценарий толық институционалдық трансформациясыз, идеологиялық логикадан

функционалдық логикаға ішінара ауысуды көздейді. Бұл нұсқада ТМҰ ұлттық мүдделер ең көбірек тоғысатын әрі үйлестіру шығындары салыстырмалы түрде төмен салалардың шектеулі жиынтығында практикалық ынтымақтастықты күшейтеді (транзит-логистиканың жекелеген сегменттері, энергетикалық кооперация, рәсімдерді цифрландыру). Оның өзекті сипаты – салалық селективтілік: қайтарымы жоғары бағыттарда ілгерілеу байқалғанымен, ол көршілес салаларға автоматты түрде таралмайды. Соның нәтижесінде ұйым институционалдық әркелкілікті сақтай отырып, шектеулі болса да нақты экономикалық дивидендтерге қол жеткізеді. Мұндай сценарий орта мерзімде орнықты болуы және интеграция идеясының толық құнсыздану тәуекелін төмендетуі мүмкін, бірақ жүйелік фрагментацияны түбегейлі жоймайды. Мәні жағынан бұл пан-идеялық легитимация мен ұлттық басымдықтардың прагматикасы арасындағы «жұмыс істейтін ымыра» болып табылады.

*Трансформациялық сценарий: ТМҰ – «экономикалық белдеу» ретінде*

Үшінші сценарий сапалық серпілісті – экономикалық бағдарланған, институционалдық архитектурасы берік интеграциялық модельге өтуді білдіреді. Бұл идеологиялық өлшемді ығыстыруды емес, оны функционалдық тұрғыдан бағындыруды көздейді: символдық ынтымақтасу саяси легитимділік көзі ретінде сақталады, ал табыс материалдық пайданың жүйелі әрі қайта өндірілетін түрде қалыптасуымен өлшенеді.

Бұл сценарийді іске асыру өзара байланысты бес шарттың орындалуын талап етеді.

Біріншіден, шешімдердің орындалатынын күшейту: рамкалық тұжырымдардан нақты мерзімдері көрсетілген, жауапты құрылымдары айқындалған, мониторинг тетіктері мен жария есептілігі бар процедуралық тұрғыдан міндеттеуші міндеттемелерге көшу.

Екіншіден, реттеушілік және рәсімдік үйлесімділік: сауда–кеден және техникалық режимдерді кезең-кезеңімен үйлестіру, шекарааралық рәсімдерді жеңілдету және әкімшілік кедергілерді азайту.

Үшіншіден, ортақ қаржылық-инвестициялық негіз: көпжақты жобаларды болжамды қаржыландыру құралдарын қалыптастыру (маман-данған қорлар, даму институттарының үйлесімді әрекеті, іріктеудің ашық өлшемдері және тиімділікті бағалау рәсімдері).

Төртіншіден, пайданың асимметриясын басқару: дивидендтер шектеулі қатысушыларда

шоғырланса, саяси қолдау әлсірейді; сондықтан өтемік тетіктер және қатысуы кеңінен бөлінген жобалық шешімдер қажет.

Бесіншіден, ішкі және сыртқы байланыстылықты сәйкестендіру: бәсекелес дәліздер мен сыртқы бастамалар жағдайында ТМҰ ішкі жобаларды кеңірек аймақтық контурлармен синхрондай отырып, агенттігін және келіссөздік автономиясын сақтауы тиіс.

Осы шарттар орындалған жағдайда ұйым «оқиғалық» интеграциядан «құрылымдық» интеграцияға өте алады: мұнда орнықтылық саяси сигнал берудің жиілігімен емес, экономикалық әсерлердің тұрақты түрде қайта өндірілуімен қамтамасыз етіледі.

*Сценарийлерді салыстырмалы бағалау және өтудің шекті межесі*

Үш траекторияны салыстыру критикалық шек (өтудің шешуші межесі) идеологиялық мобилизацияның деңгейімен емес, сол мобилизацияның экономикалық практикаға институционалдық тұрғыдан қаншалықты айналдырыла алу дәрежесімен айқындалатынын көрсетеді. Инерциялық сценарий символдық капиталды сақтайды, бірақ уақыт өте келе оның қайтарымын төмендетеді. Шектеулі-прагматикалық сценарий жобаны тұрақтандырады, алайда құрылымдық әркелкілікті «бекітіп» қояды. Тек трансформациялық сценарий ғана ТМҰ-ның аймақтық экономикалық актор ретіндегі ұзақ мерзімді өміршендігіне қажетті алғышарттарды қалыптастырады. Демек стратегиялық дилемманы «идеология немесе экономика» формуласы дәл бермейді; оны «идеология – экономикалық институционалдандырудың ресурсы» логикасы анағұрлым нақты сипаттайды. Әйтпесе идеологиялық өлшем өзін-өзі қайталайтын риторикаға айналып, интеграциялық жобаның делегитимациясын жеделдету тәуекелін күшейтеді.

*Бөлімнің аралық қорытындысы*

Сценарийлік талдау мақаланың негізгі гипотезасын растайды: «экономикалық белдеу» моделіне өтпейінше, ТМҰ тиімділігі шектеулі декларативті интеграция форматында орнығып қалу қаупіне ұшырайды. Керісінше, экономикалық тартымдылықты институттандыру – орындалуы міндетті ережелер, үйлестірілген инвестициялар, реттеушілік үйлесімділік және пайданың теңгерімді бөлінуі арқылы – пан-идеялық ынтымақтасудың өзіндік мақсат болудан қалып, орнықты аймақтық дамудың құралына айналуына мүмкіндік беретін шарттарды қалыптастырады.

«Turkic World Vision – 2040» құжаты ТМҮ-ның институционалдық өзін-өзі айқындауындағы маңызды кезең болып табылады: ол ұзақ мерзімді бағдарларды төрт өлшем бойынша белгілейді – саяси, экономикалық, гуманитарлық (people-to-people) және сыртқы ынтымақтастық (Research, 2022). Осы зерттеу үшін бұл құжаттың символдық бірліктен функционалдық ынтымақтастық моделіне қарай жылжу ниетін бекітуі айрықша мәнді; мұнда көлік, сауда, энергетика, цифрлық трансформация және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл бағыттары қамтылады (Kalambekova, 2022). Тексерілетін гипотеза тұрғысынан Vision–2040 құжатын жүзеге асқан интеграцияның дәлелі ретінде емес, «экономикалық белдеуге» ықтимал бетбұрыстың бағдарламалық индикаторы ретінде түсіндіру қажет; бұл бетбұрыс кейіннен орындалымдылық, пайданың бөлінуі және нәтижелердің орнықтылығы критерийлері бойынша эмпирикалық верификацияны талап етеді.

Орта дәліз бойындағы транзит уақытының қысқаруы оның бәсекеге қабілеттілігін арттырып, бір мезетте Түркияның Еуропа мен Азияның жеткізу тізбектері арасындағы тораптық логистикалық хаб ретіндегі стратегиялық рөлін күшейтеді (Kaması, 2025). Алайда бұл артықшылықтар шартты сипатта қала береді: дәліз әлеуеті әлі де инфрақұрылымдық олқылықтармен, күрделі географиямен, тасымал құнының жоғары деңгейімен және мемлекетаралық үйлестірудің жеткіліксіздігімен шектеледі (Unlocking Transport Connectivity in the Caucasus and Central Asia, 2024).

***Саясаттық ұсынымдар: ТМҮ-ны символдық үйлестіруден экономикалық орындалымға көшіру***

Талдау ТМҮ-ның түйінді проблемасы саяси риториканың тапшылығында емес, символдық ынтымақтасуды орнықты материалдық нәтижелерге айналдыратын институционалдық «тығыздықтың» жеткіліксіздігінде екенін көрсетеді. Сондықтан практикалық күн тәртібі экономикалық тартымдылықты институттандыруға және мемлекетаралық үйлестіру шығындарын төмендетуге шоғырлануы тиіс.

Институционалдық деңгейде шұғыл басымдық – декларативті шешімдерден міндеттемеге негізделген режимге көшу. Әрбір ұжымдық шешімге мерзімдерді, жауапты орындаушыларды, өлшенетін индикаторларды және жария есептілік рәсімдерін көрсететін «іске асыру матрицасы» қоса бекітілуі қажет. Мұндай негіз саяси

сигнал беру мен әкімшілік орындау арасындағы алшақтықты қысқартады. Сонымен қатар сауда, транзит, инвестиция және реттеушілік үйлесімділік бойынша ілгерілеуді қадағалайтын тұрақты мониторинг және тәуелсіз бағалау тетігі қажет; орындалым жөніндегі жыл сайынғы есепті жариялау тәртіпке келтіруші әрі ашықтықты арттыратын құрал бола алады. Бұдан бөлек, мемлекетаралық реттеушілік дауларды шешу рәсімдерін формалдандыру маңызды, өйткені институционалданған арбитраж жоқ жағдайда техникалық келіспеушіліктер тез саясиланып, функционалдық ынтымақтастықты бөгеп қалады.

Экономикалық-реттеушілік деңгейде басымдық байланыстылыққа қатысты трансакциялық шығындарды жүйелі түрде азайту болуы тиіс. Ең шынайы стратегия – кедендік және техникалық рәсімдерді кезең-кезеңімен үйлестіру: жекелеген режимдерді өзара тану, цифрлық құжат айналымын біріздендіру және транзит операцияларын стандарттау. Осы салаларда ішінара үйлесімділіктің өзі қысқа мерзімде байқалатын нәтижелер бере алады. Сонымен қатар назар «жылдам қайтарымды дәліздерге» – нәтижесі қысқа циклде көрінетін жобаларға (логистика, шекара рәсімдерін цифрландыру, сервистік хабтар) шоғырлануы қажет; бұл интеграцияның практикалық пайдалылығын тексеруге мүмкіндік береді. Орта мерзімде ТМҮ басым түрде инфрақұрылымға сүйенетін модельден күн тізбектері логикасына көшуі тиіс: көлік бағыттарымен қатар өнеркәсіптік кооперация, өңдеу, логистика және цифрлық сервистер бойынша бірлескен күн тізбектерін дамыту қажет.

Қаржылық деңгейде алдын ала болжанатын қолдау архитектурасы қажет. Көпжақты бастамаларды іріктеу және бірлесіп қаржыландыру үшін ортақ жоба-инвестициялық тетік ашық өлшемдерге сүйеніп құрылуы тиіс: экономикалық қайтарым, байланыстылыққа қосатын үлес, пайданың бөлінуі және қатысудың инклюзивтілігі. Күн тәртібін басқарылатын ету үшін институционалдық қолдауы кепілдендірілген шектеулі «ТМҮ флагмандық жобалар портфелін» енгізу орынды. Әдетте мемлекетаралық мәні жоғары аз ғана жобалар жиынтығы саяси назар мен ресурстар тез бөлшектенетін кен, бірақ бытыраңқы күн тәртібінен тиімдірек.

Саяси-басқарушылық деңгейде асимметрияларды және фрагментация тәуекелдерін басқару шешуші мәнге ие. Егер интеграция дивидендтері ұзақ уақыт бойы қатысушылардың тар шеңберінде шоғырланса, ынтымақтастықтың саяси

эрозиясы қауіпті артады; сондықтан өтемік құралдар және қатысуы кеңінен бөлінген жобалық дизайн қажет. Сонымен бірге сыртқы экономикалық саясаттың көпвекторлы сипатын жоймайтын, бірақ байланыстылықтың негізгі салаларында өзара үйлеспейтін шешімдерге жол бермейтін ең төменгі «ұлттық стратегиялардың үйлесімділік кодексін» келісу ұсынылады. Ақырында, символдық және операциялық күн тәртібін институционалдық тұрғыдан ажырату керек: идеялық-нормативтік өлшем жобаның легитимділігін қолдаса, техно-экономикалық трек орындалымдылық пен өлшенетін нәтижелерді қамтамасыз етуі тиіс.

Кезеңдеу тұрғысынан практикалық стратегияны үш сатыға бөлуге болады. Қысқа мерзімде (1–2 жыл) басымдықтар: іске асыру матрицасын енгізу, рәсімдерді цифрландыру және жылдам қайтарымды фламандық жобаларды іске қосу. Орта мерзімде (3–5 жыл): салалық реттеушілік үйлестіру, ортақ жобалық қаржыландыруды жандандыру және нәтижелер мониторингін тұрақты институттандыру. Ұзақ мерзімде (5+ жыл): қайта өндірілетін интеграциялық әсерлері бар «экономикалық белдеу» моделіне көшу, секторлар арасындағы тұрақты үйлестіруді орнықтыру және пайданың қатысушылар арасында теңгерімдірек бөлінуін қамтамасыз ету көзделді.

### Қорытынды

Бұл мақала ТМҰ негізінен идеологиялық жоба ретінде сақталған жағдайда оның ұзақ мерзімде өміршең бола алу-болмауын талдады. Теориялық және эмпирикалық талдау пан-идеялық ынтымақтасудың саяси легитимділік пен бастапқы мобилизацияның маңызды көзі екенін, алайда орнықты интеграцияның дербес тетігі болуға жеткіліксіз екенін көрсетеді. Риторика жүйелі түрде орындалымнан озып кеткен кезде құрылымдық «риторика–нәтиже» алшақтығы қалыптасып, интеграция форматына деген сенімді әлсіретеді.

Негізгі тұжырым мынадай: ТМҰ-ның өміршеңдігі символдық дискурстың қоюлығымен емес, сауда, транзит, инвестиция және реттеушілік үйлесімділік салаларында материалдық ұтыстарды өндіру және оларды институционалдық тұрғыдан бекіту қабілетімен айқындалады.

Басқаша айтқанда, мәселе «идеология мен экономика» арасындағы таңдауда емес, олардың иерархиясында: идеология тек экономикалық ынтымақтастықтың функционалдық архитектурасына енгізілген жағдайда ғана нәтижелі болады.

Сценарийлік талдау инерциялық траектория декларативті интеграцияны қайта өндіретінін, шектеулі-прагматикалық траектория ішінара, бірақ жүйелік емес ілгерілеу беретінін, ал тек трансформациялық «экономикалық белдеу» траекториясы ғана ұзақ мерзімді орнықтылыққа қажетті шарттарды қалыптастыратынын қуаттайды. Өту шекті межесі үш критикалық параметр арқылы анықталады: шешімдердің орындалуы, экономикалық саясаттарды үйлестірудің тығыздығы және қатысушылар арасында пайданың салыстырмалы теңгерімді бөлінуі.

Практикалық тұрғыдан бұл ТМҰ-ның стратегиялық табысы басқарылатын экономикалық интеграцияға бет бұруға тәуелді екенін білдіреді: саммиттік дипломатиядан іске асыру рәсімдеріне; рамкалық декларациялардан жобалық қаржыландыру мен өлшенетін КРІ жүйесіне; символдық ортақтықтан бірлескен күн тізбектеріне көшу қажет. Мұндай ауысым жүзеге аспаса, ТМҰ саяси тұрғыдан көрінетін, бірақ экономикалық мүмкіндігі шектеулі платформа ретінде орнығып қалу тәуекеліне ұшырайды. Ал бұл ауысым орындалса, ұйым идеологиялық жақындық экономиканың орнын басатын құрал емес, керісінше экономикалық ықпалды күшейтетін саяси мультипликатор қызметін атқаратын орнықты аймақтық акторға айналу мүмкіндігіне ие болады.

Осылайша мақаланың негізгі гипотезасы расталады: экономикалық тартымдылықсыз пан-идеялық ынтымақтасу стратегиялық нәтижесіздік тәуекелін арттырады; ал пан-идеялық ынтымақтасуды институционалдық тұрғыдан «экономикалық белдеуге» айналдыру өміршең аймақтық интеграцияның берік негізін қалыптастыра алады.

*Бұл зерттеу Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан қаржыландырылды (AP23483774 гранты: «Түркі интеграциясын тереңдету: Қазақстан үшін перспективалар, геосаяси тәуекелдер мен қатерлер»).*

## Әдебиеттер

- Koçak, M. (2023). Potential of Organization of Turkic States in the International System: Promises and Vulnerabilities. *Insight Turkey*, 25, 115. <https://doi.org/10.25253/99.2023254.8>
- Demir, C. (2022). The Organization of Turkic States: Implications for the Regional Balance of Power. *Güvenlik Stratejileri Dergisi*, 39. <https://doi.org/10.17752/guvenlikstrjtj.1104776>
- Aydın, M. E., & Liu, Y. (2024). Organization of Turkic States: Diverse Motivations For A Common Aim. *Siyasal Journal of Political Sciences*, 33(1), 35. <https://doi.org/10.26650/siyasal.2024.33.1363769>
- Shafiyev, F. (2023). Azerbaijan and the Rise of Turkic Unity: The Journey of the Organization of Turkic States. *Insight Turkey*, 25, 13. <https://doi.org/10.25253/99.2023254.1>
- Toraman, Y. (2024). The Roles of the Organization of Turkic States (OTS) in International Trade, Logistics and European Union's (EU) Energy Supply Security. *EMAJ Emerging Markets Journal*, 13(1), 1. <https://doi.org/10.5195/emaj.2023.301>
- Mustofaev, M. (2022). The Organization of Turkic States: A New Approach to Global and Regional Challenges. *DergiPark (Istanbul University)*. <https://dergipark.org.tr/tr/pub/perception/issue/71446/1149303>
- Gafarlı, T. (2024). Unlocking the Potential in the South Caucasus: The Zangezur Corridor's Impact on the Trans-Caspian International Transport Route (Middle Corridor). *DergiPark (Istanbul University)*. <https://dergipark.org.tr/en/pub/perception/issue/89886/1535350>
- Aslanlı, K. (2024). Feasibility of Regional Connectivity Projects in Energy and Transportation: The Collision of Microfoundations and Geopolitical Considerations. *DergiPark (Istanbul University)*. <https://dergipark.org.tr/en/pub/perception/issue/89886/1535340>
- Kamacı, K. (2025). The role of the Middle Corridor in global supply chains and SWOT analysis of Türkiye's logistics infrastructure. *Journal of Life Economics*, 12(1). <https://doi.org/10.15637/jlecon.2989>
- Biró, D., & Vasa, L. (2024). Unveiling the Strategic Significance of the Middle Corridor in Global Trade and Geopolitical Dynamics. *The Economy Strategy and Practice*, 19(2), 70. <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2024-2-70-83>
- Middle Trade and Transport Corridor: Policies and Investments to Triple Freight Volumes and Halve Travel Time by 2030. (2023). In Washington, DC: World Bank eBooks. <https://doi.org/10.1596/40626>
- Unlocking Transport Connectivity in the Caucasus and Central Asia. (2024). In Asian Development Bank Institute eBooks. <https://doi.org/10.56506/slww3183>
- OECD. (2023). Realising the Potential of the Middle Corridor. In OECD Publishing eBooks. <https://doi.org/10.1787/635ad854-en>
- Research, C. F. S. (2022). Organization of Turkic States: Deepening Turkic Cooperation and Turkic World Vision-2040. *DergiPark (Istanbul University)*. <https://dergipark.org.tr/tr/pub/perception/issue/71446/1149275>
- Kalambekova, B. (2022). The Paradigm of Soft Power and the Importance of the Organization of Turkic States: Perspective from Kyrgyzstan. *DergiPark (Istanbul University)*. <https://dergipark.org.tr/tr/pub/perception/issue/71446/1149302>

**Авторлар туралы мәлімет:**

Әділбек Ермекбаев – PhD, қауымдастырылған профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: [adilbekea@gmail.com](mailto:adilbekea@gmail.com)).

Акерке Райымбекова – аға оқытушы, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және өлем тілдері университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: [akerke8383@mail.ru](mailto:akerke8383@mail.ru)).

Нұрат Ильяс – PhD, аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: [nuratk01@gmail.com](mailto:nurat01@gmail.com)).

**Information about the authors:**

Adilbek Yermekbayev – PhD, associate professor, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: [adilbekea@gmail.com](mailto:adilbekea@gmail.com)).

Akerke Rayimbekova – senior lecturer, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages (Almaty, Kazakhstan, e-mail: [akerke8383@mail.ru](mailto:akerke8383@mail.ru)).

Nurat Ilyas – PhD, senior lecturer, al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: [nuratk01@gmail.com](mailto:nurat01@gmail.com)).

**Информация об авторах:**

Адилбек Ермекбаев – PhD, ассоциированный профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: [adilbekea@gmail.com](mailto:adilbekea@gmail.com)).

Акерке Райымбекова – старший преподаватель, Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана (Алматы, Казахстан, e-mail: [akerke8383@mail.ru](mailto:akerke8383@mail.ru)).

Нұрат Ильяс – PhD, старший преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: [nuratk01@gmail.com](mailto:nurat01@gmail.com)).

Жіберілді: 21 желтоқсан 2025 жыл  
Қайта жүктелді: 19 қаңтар 2026 жыл  
Қабылданды: 11 наурыз 2026 жыл